

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Авторлық бағдарлама әзірлеу әдістемесі» тақырыптағы оқытушылар мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсы (Колледж, Білім беру ұйымдарының педагог-психологтары, мектеп мұғалімдері, ассистент-педагогтарын оқытуға арналған)

Бағдарлама авторы:

Оспанбаева М.П. пс.ғ.к., «Педагогикалық психология» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры

**Бағдарлама келесі нормативтік-құқықтық құжаттарды ескере
отырып әзірленген:**

«Авторлық бағдарлама әзірлеу әдістемесі: психология және педагогика бағыты бойынша» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы

ҚР Оқу-ағарту министрінің 27-тамыз 2022-жылғы «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары» туралы № 384 бұйрығы негізінде жасалды. Педагог-психологтың біліктілік деңгейін бағалау үрдісінде, оның кәсіби іс-әрекетіне қойылатын негізгі талаптардың бірі *авторлық бағдарлама* болып табылады.

Бағдарламаның тақырыптық-күнтізбелік жоспарын әзірлеу барысында келесі нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>);

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Бағдарлама білім беру ұйымдарының психологтары, педагогтары және педагогикалық қызметкерлерінің кәсіби портфолиоларын толықтыруды көздейді. Авторлық бағдарлама педагогтың (психологтың) ұзақ мерзімді зияткерлік қызметінің нәтижесі болып табылатын үздіксіз ізденіс пен өзін-өзі жетілдіру жемісі. Авторлық бағдарламада педагог-психолог білім беру мазмұнын жаңарту үшін таңдалған құралдардың жүйелілігін көрсетеді; сондай-ақ, дамыту міндеттерінің жаңашылдығы, білім беру кеңістігін өзгертуге бағытталғандығы атап өтіледі. Қазіргі уақытта оларға елеулі талаптар қойылуда: өзіндік әдістемелік курстар, факультативтер әзірлеу; педагогикалық баспасөз беттерінде қызмет нәтижелерін жариялау.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022-жылғы 30-желтоқсандағы № 533 бұйрығында педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары берілген. Осы құжатта психологтар, арнайы педагогтер, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың әлеуметтік педагогтері үшін, біліктілік санатын растауға педагог портфолиосын бағалау өлшемшарттары көрсетілген. Солардың бірі – авторлық бағдарлама әзірлеп, енгізуді міндеттейтін «Педагогикалық тәжірибені жалпылау, немесе үздік педагогикалық тәжірибелер мен әзірлемелерді енгізу немесе білім беру ұйымдарында іске асырылған, әзірленген бағдарламаларды ұсыну» өлшемшарты. Осы өлшемшартты «Педагог – зерттеуші» және «Педагог – шебер» санаттары үшін, бағалау талаптары мыналар: ғылыми-әдістемелік басқосуларда баяндама жасау, тиісті деңгейдегі оқу-әдістемелік кеңестің шешімімен ұсынылған әдістемелік материалдар әзірлемесі және Республикалық оқу-әдістемелік кеңеспен бекітілген оқу-әдістемелік кешен. Білім беру ұйымдарының педагогтары мен психологтары үшін, жоғарыда аталған өлшемшартты жүзеге асыру мүддесін көздейтін осы «Авторлық бағдарлама әзірлеу әдістемесі: психология және педагогика бағыты бойынша» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасының өзектілігі, оның білім беру саласындағы жалпы мемлекеттік басымдықтармен байланысын көрсетеді.

2. ГЛОССАРИЙ

Авторлық бағдарлама – әрбір оқу сабағы, әрбір оқу пәні және модуль бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, машықтың, дағды мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын, жеке-кәсіби тәжірибе негізінде жасалған бірегей өнім.

Авторлық құқық – зияткерлік меншік нысанының мемлекеттік реестрде тіркеліп, куәландыруы нәтижесінде арнайы рәсімделетін мәртебе.

Аттестаттау – педагогтердің біліктілік деңгейін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша біліктілік санаттары беріледі немесе расталады.

Аттестатталушы – аттестаттаудан өтетін және біліктілік санатын алуға немесе растауға үміткер.

Аттестаттау комиссиясы – педагогтерді аттестаттау рәсімін жүргізетін уәкілетті алқалы орган.

Аттестаттау кезеңі – күнтізбелік жылдағы (қаңтар-мамыр, тамыз-желтоқсан) уақыт аралығы, оның барысында аттестатталушы біліктілік бағалаудан, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өтеді.

Апелляция – педагогтің сұранысы бойынша, ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын педагогтердің білімін бағалау нәтижелерін қайта қарау рәсімі.

Апелляциялық комиссия – педагогтердің білімін бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, даулы мәселелер бойынша шешім қабылдайтын білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын комиссия.

Әдістемелік кабинет – білім беруді басқару органдарының білім беру процесінің ұйымдастырушылық-әдістемелік қамсыздандырылуын, нәтижелілігін талдау мен бағалауды, педагогтердің шығармашылық өсуіне және олардың кәсіптік тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруіне жәрдемдесетін, инновациялық педагогикалық тәжірибені жинақтау мен таратуды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі.

Біліктілікті арттыру – тиісті кәсіптік қызмет түрінің шеңберінде жұмысты орындау үшін қажетті жеке қабілеттілік, кәсіптік білім, машықтар мен дағдылар жиынтығын жетілдіру үрдісі.

Біліктілік санаты – «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 13.07.2009 №338 бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына немесе «Педагог» кәсіби стандартын бекіту туралы» ҚР ОАМ 15.12.2022 №500 бұйрығына сәйкес келетін педагогтің кәсіби құзыреттілік деңгейі.

Білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені

Ғылыми-әдістемелік жұмыс – ғылым жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибеге негізделген және үздіксіз білім беру жүйесінің жұмыс істеуін және оны дамытуды жетілдіруге бағытталған қызмет түрі.

Зияткерлік меншік нысаны – авторлық құқық пен өнеркәсіптік меншік болып табылатын ғылыми-әдістемелік-шығармашылық қызметтің нәтижесін дараландыру құралы.

Интеграцияланған білім беру бағдарламалары – білім беру бағдарламаларының тиісті мазмұнды аспектілерін біріктіру негізінде әзірленген білім беретін оқу бағдарламалары.

Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау – аттестатталушы жетістіктерінің біліктілік талаптарының деңгейіне сәйкестігін бағалау рәсімі.

Маман – жоғары білімнің білім беру бағдарламасын меңгергеннен кейін берілетін біліктілік.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен немесе өтініш жасамай жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі – мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі, оның ішінде процестің сипаттамасы, нысаны, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктеріне сәйкес өзге де мәліметтер.

Оқу-тақырыптық жоспар – оқу сабақтарының түрлері мен формаларының, тақырыптар тізбесінің, сағат бөлінісінің реттілігін және бақылау нысандарын регламенттейтін, авторлық бағдарламаның ажырағысыз бөлігі.

Оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қарым-қатынастар.

Өндірістік оқыту – білім беру ұйымдарының және кәсіпорындардың базасында білім алушылардың теориялық білім алуына, практикалық машықтануына бағытталған оқыту.

Педагог – тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар және педагогтің білім алушыларды және тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, әдістемелік сүйемелдеу немесе білім беру қызметін ұйымдастыру жөніндегі кәсіби қызметін жүзеге асыратын тұлға.

Педагогтердің білімін бағалау – білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген тест бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім.

Педагогтің цифрлық профилі – Ұлттық білім беру деректер қоры ақпараттық жүйесіне жүктелген педагогтің электронды деректері.

Педагог қызметін курстан кейін қолдау – педагогтің кәсіптік құзыреттілігін оның курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі.

Психологиялық-педагогикалық қолдау – ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды ойдағыдай оқыту және дамыту үшін, әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын, жүйелі-ұйымдастырылған қызмет.

Портфолио – үміткер жұмыс кезінде жинаған көрнекі үлгілер мен кейстер жиынтығы; портфолионың міндеті үміткердің нақты дағдыларын, жинақталған тәжірибесі мен біліктілігін көрсету.

Рецензия – бекіту және қорғау процедуралары

Тыңдаушы – білім беру ұйымында қосымша білімнің және дайындық бөлімінің білім беру бағдарламалары бойынша білім алып жатқан адам.

Үздіксіз интеграцияланған білім беру – деңгейаралық интеграцияланған білім беру бағдарламалары шеңберінде біліктілігі жоғары кадрлар даярлауға бағытталған кәсіптік оқыту нысаны.

3. БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫБЫ

«Авторлық бағдарлама әзірлеу әдістемесі: психология және педагогика бағыты бойынша» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы педагогикалық психологияның соңғы жаңалықтарына бағдарлана отырып, жеке-кәсіби тәжірибе негізінде орындалатын бірегей өнімді жасау алгоритмін үйрету технологиясы болып табылады.

ҚР «Педагог» кәсіптік стандартында (2022ж.) педагог-психологтардың қызметі білім беру жүйесінде инновацияларды құруға, игеруге, пайдалануға және таратуға бағытталған кешенді іс-әрекеттен тұратыны атап көрсетілген. Бұл – оқыту бағдарламаларының мақсаттары мен мазмұнын айқындауда, кәсіби қызметті жобалау мен жүзеге асыруда және өзгерістерді басқаруда академиялық еркіндік қағидатына сүйенуді меңзейді. Педагог-психолог кәсіби қызметінде өзіндік идея мен озық тәжірибе негізінде, білім беру субъектілерінің өзекті мәселелерін шешуге арналған жаңалығымен ерекшеленетін және дербес түрде әзірленген авторлық бағдарламаны ұсына алады. Стандартта білім беру ұйымдары психологтарының салалық біліктілік шеңбері бойынша (6 және 7 біліктілік деңгейлері) «дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлауда оқу-әдістемелік жұмысты қамтамасыз ету» кәсіби қызметтің бір парасы ретінде міндеттелген. Сондықтан, педагог-психолог білім беру ұйымдарында ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу; ғылыми-әдістемелік іс-шараларды дайындау мен өткізу және әдістемелік материалдарды әзірлеу құқығына ие.

Педагог-психологтың біліктілік деңгейін бағалау үрдісінде, оның кәсіби іс-әрекетіне қойылатын негізгі талаптардың бірі авторлық бағдарлама болып табылады. Белгілі бір білім беру ұйымының немесе нақты өңірдің ерекшеліктеріне негізделген, я болмаса психологиялық даму шеңберінде өзекті мәселені шешуге арналған жаңалығымен айрықшаланатын авторлық бағдарлама құру – күрделі шығармашылық үрдіс. Ол арнайы дайындық пен қажырлы жұмысты қажет етеді және ұзақ уақыт алады. Педагог-психологтың авторлық бағдарламасы оның кәсіби шеберлігі мен шығармашылығының көрнекі көрсеткіші. Авторлық бағдарлама мазмұнында, психолог қызметінің жеке стилін жүзеге асыратын әдістемелік жүйе құрудағы, жеке тәжірибе ұсынылады. Бағдарламаны құру кезінде оның тұжырымдамасын, негізгі идеялары мен логикалық бірізділігін сақтай отырып, автордың жеке тәжірибесіне, кәсіби ерекшеліктері мен жұмыс жағдайларына, педагогтар мен ата-аналардың әлеуметтік тапсырысына және оқушылардың қажеттіліктеріне сүйену қажет.

Авторлық бағдарлама әзірлеу бойынша дайындық жұмыстары, бағдарламаны құру логикасы, міндеттері, оларды шешу әдістері мен тәсілдері, болжамды нәтиже және оны бағалау критерийлері, т.б. мәселелер «Авторлық бағдарлама әзірлеу әдістемесі» курсы шеңберінде қарастырылады.

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Курстың мақсаты. Білім беру ұйымдарының психологтары, педагогтары, әдіскерлерінің дербес түрде авторлық бағдарлама әзірлеу әдістемесін меңгеруін және орындауын қамтамасыз ету.

Курстың міндеттері:

- кәсіби портфолиодағы авторлық бағдарламаның өзектілігін білу;
- авторлық бағдарламаны құрудың ғылыми әдістемесін меңгеру;
- курстың оқу-тақырыптық жоспарын құруға жаттығу;
- дербес авторлық бағдарлама әзірлеу алгоритмін үйрену;
- өз бетінше жеке авторлық бағдарлама жасау және курс аясында қорғау.

Курсты оқыту барысында қолданылатын әдістер: дискуссия, эвристикалық әңгіме, метажоспар, интерактивті сұхбат, рефлексия, супервизия, брейншторминг, тренингтік тәсілдер, кейс-стади, Блум таксономиясы, іскерлік ойындар және т.б.

Күтілетін нәтиже: курс тыңдаушылары кәсіби сала бойынша жеке тәжірибеге негізделген авторлық бағдарлама әзірлейді, көпшілік алдында қорғайды және зияткерлік меншік құқығын (авторлық куәлік) иелену үшін Мемлекеттік реестрге тіркейді.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ТАҚЫРЫПТАРЫ

Тақырып 1. Білім беру ұйымдарының психологтары, педагогтары және педагогикалық қызметкерлерінің кәсіби портфолиоларындағы авторлық бағдарламалардың маңызы. Авторлық бағдарлама педагогтың (психологтың) ұзақ мерзімді зияткерлік қызметінің нәтижесі болып табылатын үздіксіз ізденіс пен өзін-өзі жетілдіру жемісі. Қазіргі уақытта оларға елеулі талаптар қойылуда: өзіндік әдістемелік курстар, факультативтер әзірлеу; педагогикалық баспасөз беттерінде қызмет нәтижелерін жариялау. Авторлық бағдарламада педагог-психолог білім беру мазмұнын жаңарту үшін таңдалған құралдардың жүйелілігін көрсетеді; сондай-ақ, дамыту міндеттерінің жаңашылдығы, білім беру кеңістігін өзгертуге бағытталғандығы атап өтіледі.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығы: Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары (8-қосымша) – Біліктілік санатын беруге (растауға) педагог портфолиосын бағалау өлшемшарттары (арнайы педагогтер, психологтар, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың әлеуметтік педагогтері үшін). Авторлық бағдарлама

әзірлеп, енгізуді міндеттейтін «Педагогикалық тәжірибені жалпылау, немесе үздік педагогикалық тәжірибелер мен әзірлемелерді енгізу немесе білім беру ұйымдарында іске асырылған, әзірленген бағдарламаларды ұсыну» өлшемшарты. «Педагог – зерттеуші» және «Педагог – шебер» санаттары үшін осы өлшемшартты бағалау тараптары: ғылыми-әдістемелік басқосуларда баяндама жасау; тиісті деңгейдегі оқу-әдістемелік кеңестің шешімімен ұсынылған әдістемелік материалдар әзірлемесі; Республикалық оқу-әдістемелік кеңеспен бекітілген оқу-әдістемелік кешен.

Педагогикалық жетістіктер мен инновациялар мемлекет пен қоғам тарапынан қолдаумен мойындалады. Қазақстанда байқаулар мен марапаттауларда өз жұмысында жоғары нәтижелер мен жетістіктер көрсеткен педагогтар марапатталып, мадақталады. Бұл олардың мәртебесін көтеруге көмектеседі және кәсіби шыңдауға ынталандырады. Педагогтар білім беру саясатын әзірлеу және білім беруге байланысты шешімдер қабылдау процесіне қатысады. Білім беру бағдарламаларын, әдістері мен стандарттарын әзірлеу және енгізу кезінде олардың пікірлері мен тәжірибесі ескеріледі. Бұл ұстаздарға өздерінің маңыздылығын және елдегі білімнің дамуына ықпалын сезінуге мүмкіндік береді.

Тақырып 2. Авторлық бағдарламаны орындауға қойылатын талаптар: құқықтық-заңнамалық, ғылыми-әдістемелік, дидактикалық. Педагог-психолог авторлық бағдарламаны ҚР Білім туралы Заңының; ҚР ОАМ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының; ҚР «Педагог» кәсіптік стандартының және «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы Қазақстан Республикасының Заңының негізгі қағидалары аясында әзірлеуі тиіс.

Авторлық бағдарлама мазмұны, технологиясы, білім беру нәтижелеріне байланысты сапалы жаңа мақсаттарды ұсынуы тиіс. Авторлық бағдарлама білім беру қызметінің жаңа бағытын немесе балама мазмұнды және интегративті шығармашылықты қамтиды. Авторлық бағдарлама мазмұны келесі критерийлерге сәйкес келуі керек: бағдарламаның құрылымы мен ресімделуіне қойылатын талаптарға; тәсілдің (мақсаттың, мазмұнның, технологиялар, нәтижелер) жаңалығын көрсету бойынша; апробацияның нәтижелілігін немесе тиімділігін растау; білім беру жүйесі үшін өзектілігін көрсету; басқа білім беру ұйымдарында пайдалану мүмкіндігін негіздеу; ресурстарды пайдаланудың оңтайлы тәсілін қабылдау.

Авторлық бағдарлама жеке тұлғаға бағытталған оқыту принципіне негізделі отырып, балалардың шығармашылық қызметінің әртүрлі формаларын қарастыруы тиіс: сабақ; конкурстар; конференциялар; жарыс; олимпиадалар; көрмелер, т.б. Педагог-психолог балалар мен жасөспірімдердің бірлескен және жеке іс-әрекетінің оңтайлы үйлесімін белгілеуі керек. Бағдарламалар әр оқушының жас ерекшеліктерін міндетті түрде ескере отырып құрылады, балаға

жеке көзқарасты қолдану мүмкіндігі қарастырылуы қажет; сондай-ақ тәрбиеленушілердің физиологиялық ерекшеліктері ескеріліп, дамытушы ортаның сипаттамасы, қолданылатын жабдықтар мен материалдардың тізімі қамтылуы шарт.

Тақырып 3. Авторлық бағдарламаны әзірлеу технологиясы. Бұл бөлімде бағдарламаның білім беру тұжырымдамасының белгілі бір элементтерін жүзеге асырудағы орны мен рөлін анықтай отырып, балалармен сабақтарда қолданылатын негізгі әдістер мен әдістемелер белгіленеді. Әрине, бұл әдістемелер мен психотехникалардың көпшілігі бұрыннан белгілі және білім беруде үрдісінде үздіксіз қолданылып келеді. Бұл жағдайда тақырыпты ашу дәлдігі көңілден шықпаса, әдістеменің балама нұсқасын немесе жаңа түрін жасап, ұсынуға болады. Тек оның валидтілігіне қойылатын талаптарға барынша сақ болған жөн.

Авторлық бағдарламада тақырыптардың логикасын, олардың курс мақсатына жету жолдарын және міндеттерді шешуге бағдарланғандығын көрсету маңызды әрі қажетті. Бұл ретте әдістердің өзі тек құрал болып табылатынын есте ұстау керек. Әйтсе де, жаңартылған білім бағдарламасы аясындағы оқыту әдістері, психологиялық стратегиялар, трансформациялық техникалар, педагогикалық инновацияларды шектемей, мәселені ашу мүмкіндігіне сәйкес қолдану дұрыс. Әдіс-тәсілдердің жиынтығын жоспарлауда, олардың жүйелілігін, ішкі байланысын, бірізділігіне жете мән беру керек.

Тақырып 4. Авторлық бағдарламаның құрылымы: шенді бет, түсінікхат, ОТЖ, курстың тақырыптық-әдістемелік мазмұны, әдебиеттер тізімі, қосымша материалдар. Автор бағдарламаны әзірлеуде келесі құрылымды сақтауы тиіс: білім беру ұйымының атауы, оны бекіткен ұйым, бағдарлама атауы, балалардың жасы немесе сыныбы, сағат саны, бағдарламаны іске асыру мерзімі, автордың аты-жөні және лауазымы көрсетілген *шенді парақ*; таңдалынған білім беру саласы, курс негіздемесі, бағдарламаның өзектілігі және жаңалығы берілген кіріспе, курстың мақсаты мен міндеттері, курсты оқыту барысында қолданылатын әдістер, күтілетін нәтиже, оқушылар контингенті, сағат көлемі және аттестаттау нысандарын қамтитын *түсінік хат*; әр тақырып бойынша сағат саны мен оқыту формалары анықталып, бағдарлама бөлімдері мен тақырыптары белгіленген кесте түріндегі *оқу-тақырыптық жоспар*; курстың негізгі мазмұнын қысқаша сипаттайтын, оқу-тақырыптық жоспарда көрсетілген тақырыптарды қамтитын жазбалардан тұратын *негізгі бөлім*; негізгі және қосымша әдебиеттер, интернет ресурстары берілген *әдебиеттер тізімі*; авторлық білім беру бағдарламасын жарақтандыруға қажетті құралдар, курс барысында қолданылатын дидактикалық материалдар, оқушылардың білімін бақылау-өлшеуге арналған қорытынды бағалау материалдары және т.б. тұратын *қосымшалар*.

Тақырып 5. Авторлық курсты айқындау – ұстаздың кәсіби әлеуетінің жемісі. Авторлық бағдарлама аталымын анықтау. Бағдарламаның атауы – оқылатын курстың айнасы іспетті. Сондықтан ол барынша нақты, курс мазмұнын толық ашатындай тұжырымды, оқушыларды қызықтыратындай тартымды, ең бастысы өзекті психологиялық-педагогикалық мәселеге бағытталуы керек. Бағдарламаның көлеміне шектеу қойылмайды, дегенмен

оның көлемді болуы жоғары сапалылық көрсеткіші емес. Психологиялық-педагогикалық сипаттағы авторлық бағдарлама тұлғаға бағдарланған дамыту стратегияларына негізделуі керек. Бұл – автордың, яғни білім беру ұйымы қызметкерінің кәсіби тәжірибесі мен педагогикалық әлеуетінің көрсеткіші. Бағдарламада балалардың белсенді қызметін ұйымдастырудың әртүрлі формалары қарастырыла отырып, оқытуды ұйымдастырудың арнайы формасы ретінде, 1 сабақ көлеміне сәйкес уақытпен шартталған, топтық тренингке басымдық берілуі тиіс.

Автор бағдарламаны құру үрдісінде оқушылардың жеке және бірлескен іс-әрекетінің оңтайлы үйлесіміне ден қоюы тиіс. Ол үшін, баланың даму ерекшелігіне сәйкес жеке қатынасты қамтамасыз ететін саралау тәсілдерін қолдану, инклюзивті білім беру қағидаттарын ұстану, шағын топтармен жұмыс істеу, командалық жұмыстар арқылы ынтымақтастыққа баулу, ынталандыру техникаларын жиі пайдалану қажет. Бағдарламада курс аясында қолданылатын құралдардың жалпы тізімі көрсетіле отырып, заттық-кеңістіктік дамыту ортасын ұйымдастыру сипаттамалары қамтылғаны жөн. Баланың психикасына күш түсіріп, шамадан тыс жұмыс істеуден қорғау үшін, автор – педагог-психолог сақтық шараларын сақтай отырып, бағдарламаны оңтайлы жүктемемен қамтамасыз етуді үнемі назарда ұстауы керек.

Тақырып 6. Авторлық бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарын (ОТЖ) құру: курстың көлемін айқындау; тақырыптар тізбесін әзірлеу; оқыту формаларын анықтау. Оқу-тақырыптық жоспар курс мазмұнын ашатын маңызды бөлім және бағдарламаны жүзеге асырудың қажетті технологиясы болып табылады. Оқу-тақырыптық жоспардың құрамына енетін компоненттер: тақырыптар мен бөлімдер және оларды оқыту реті; әр тақырыпты меңгеруге арналған сағаттар саны; сабақтардың түрлері; авторлық курстың қорытындысы бойынша оқушылардың рейтингін анықтауға (жүргізуге) мүмкіндік беретін сабақты қоса алғандағы жалпы сағат көлемі. Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары кесте түрінде орындалады.

Курстың көлемін айқындау үшін, білім беру ұйымындағы авторлық бағдарлама құрылатын негізгі білім беру саласы бойынша, уақыт бюджетін анықтау; сұраныс негізіндегі қажеттілікті негіздеу; нақты жас ерекшелігі (сынып) шеңберінде оқу жүктемесіне сәйкестендіру қажет. Тақырыптар тізбесін әзірлеу үшін, анықталған бағыт бойынша ғылым мен техниканың соңғы жаңалықтарынан хабардар болу; берілген сала аясында себеп-салдарлық байланыстарды білу; материалдарды балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес іріктеу; тақырыптарды оқушылардың қызығушылықтарына сай айқындау керек. Оқыту формалары тақырыптардың мазмұнына сәйкес анықталады.

Тақырып 7. Курстың әдістемелік аспектісін дайындау. Бұл – педагог-психологтың кәсіби шығармашылық әлеуеті барынша жарқырап көрінетін тұс. Өйткені, дәл осы сабақтарды әдістемелік жоспарлау барысында, автордың өз идеялары мен кәсіби-жеке тәжірибе нәтижесі болып табылатын әдістемелік әзірлемелерін шығармашылықпен, ұтымды қолдану мүмкіндігі туындайды. Сондықтан, білім беру бағдарламасының осы аспектісін орындау кезінде, автор тақырыпты ашу үшін жоғары нәтиже беретін, ең тиімді әдіс-тәсілдер мен

технологияларды таңдауы керек және ұсынылған білім беру саласы бойынша озық тәжірибесі бар әріптестерінің көмегіне жүгінген артық болмайды.

Курстың әдістемелік аспектісі бағдарламаның алдыңғы бөлімдерін логикалық жағынан толықтыра отырып, мағыналы түрде жалғастырады. Авторлық бағдарламаның бөлімдері мен тақырыптары бойынша жоспарланатын сабақтардың нысандарын анықтау, оларды өткізу тәсілдері мен әдістерін іріктеу, әр сабақты дидактикалық және техникалық жарақтандыруды айқындау, негізгі бөлімдер бойынша қорытындылау формаларын белгілеу – осылардың барлығы бағдарламаны іске асыру кезінде, педагог-психолог қызметінің ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді.

Оқу үрдісін ұйымдастыруды жоспарлау кезінде кейбір әрекеттерді, мысалы, ойын тақырыбындағы сабақтарда қолданылатын іс-әрекеттерді егжей-тегжейлі сипаттаудың қажеті жоқ. Көбінесе ойынның немесе педагогикалық әдіс-тәсілдің, танымал психотехниканың атауы жеткілікті. Ал, кейде олардың модификацияланған, яғни түрлендірілген нұсқаларын пайдалану кезінде, құралдардың шарттары мен тәсілдері туралы түсініктеме қажет болады. Мұндай кезде оларды авторлық бағдарламаның қосымша бөлімінде ұсынуға тиімдірек болады.

Тақырып 8. Қолданылатын әдебиеттер тізімін құру, интернет-ресурстарға сілтемелерді дайындау және қосымша материалдарды тіркеу. Бағдарламаның ақпараттық қамтамасыз етілуі, яғни әдебиеттер тізімі бағдарламаның қорытынды бөлімі болып табылады. Дегенмен, бағдарламаның осы бөліміне атүсті қарап, оны тек техникалық сипат деп қабылдау, көбінесе бағдарлама авторларын сәтсіздікке ұшыратады. Сондықтан, әдебиеттерді рәсімдеу үрдісінде библиографиялық сипаттаудың мемлекеттік стандарттарына сүйенген жөн. Бағдарламаның соңғы бөлімін жасау кезінде басшылыққа алынуы қажет бірнеше ережелерді ұстану пайдалы: әдебиеттер тізімі авторлар мен дерек көздерінің атауларын алфавиттік рет бойынша орналастыру арқылы жасалады; автордың аты-жөні фамилиядан кейін беріледі; дерек көзі автордың тегі мен аты-жөнінен басқа, жұмыстың толық атауы, басылымның орны, мүмкіндігінше баспасы және шыққан жылы, кей жағдайда көлемі – бет саны көрсетіледі. Баспа немесе көлемді көрсету кезінде біркелкілікті ұстанған жөн: егер кейбір әдебиеттерде баспагер, яки бет саны белгілі болмаса, онда қалғандары үшін де тек басылымның орны мен шыққан жылын көрсетумен шектелген дұрыс. Басылым орнын көрсету кезінде Астана, Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларынан басқалары толық жазылады: А., М., С-П. Әдебиеттер тізімін рәсімдеу барысында тыныс белгілерін стандартқа сәйкес, барынша дұрыс қойған жөн. Мерзімдік басылымдарды көрсеткенде шығарылым мерзімі және нөмірін міндетті түрде қою қажет. Интернет ресурстарын енгізгенде сілтемелердің белсенді болуын қадағалау керек.

Әдебиеттер тізімі әдетте «Негізгі әдебиеттер» және «Қосымша әдебиеттер» деп беріледі. Дегенмен, бағдарламаны дайындау барысында қолданылатын әдебиеттерді «Оқушыларға ұсынылатын әдебиеттер» және «Педагогтарға ұсынылатын әдебиеттер» деп бөліп көрсеткен тиімді.

Тақырып 9. Авторлық бағдарламаның шенді бетін әзірлеу, түсінік хатты жазу және жалпы тақырыптық мазмұнын құру. Шенді парақ –

бағдарламаның құрылымдық элементі болып табылады. Ол келесі ақпараттарды қамтуы керек: білім беру ұйымының атауы; бағдарламаның қайда, қашан және кіммен бекітілгені туралы мәліметтер; курстың толық атауы; бағдарламаның мақсатты аудиториясы немесе балалардың жасы, сыныбы; бағдарлама авторының аты-жөні, лауазымы; елді мекеннің атауы; бағдарламаны әзірлеу жылы.

Түсінікхат оқушылардың психологиялық дамуы үшін қандай да бір қызметтің пайдалылығы туралы жалпы пайымдаулардан тыс жазылып, онда бағдарламаның жаңалығы, басқалардан айырмашылығы, мақсаты мен міндеттері нақты тұжырымдалуы керек. Осы бағдарламаның нақты білім беру ұйымы үшін ерекшелігін көрсететін авторлық әзірлемелерін атап өту өте маңызды. Бағдарламаның бағытын сипаттай отырып, оның осы бағытқа жататындығын қысқаша, бірақ дәлелді түрде негіздеу қажет.

Авторлық бағдарламаның түсінікхатында келесі бағыттар ашылуы керек: білім беру ұйымының типі; бағдарламаның қоғам үшін маңыздылығы; балалар саны, жасы, сыныбы, жалпы сағат саны, іске асыру мерзімдері, нысаналы топтардың қажеттіліктері, әлеуметтік мәртебесі, мүдделері туралы қысқаша мәліметтер; бағдарламаның жетекші идеясы сипатталған негізгі концепция; өзектілігі, жаңалығы, маңыздылығы сипатталған негіздеме; курсты оқыту орны, жиілігі; курс мақсаты, міндеттері және бағдарламаны іске асыру мерзімдері; материалды іріктеудің негізгі принциптері және бағдарлама құрылымының логикасының қысқаша түсіндірмесі; оқыту әдістері, нысандары және сабақ режимі; болжамды нәтижелер; оқушылардың жетістіктерін бағалау жүйесі; нәтижелерді бағалауға арналған құралдар жиынтығы.

Тақырып 10. Авторлық бағдарламаны рецензиялау, бекіту және қорғау процедуралары. Рецензияларды ғылыми немесе әдістемелік мекемелер немесе бағдарлама бейіні бойынша жеке мамандар береді. Білім беру ұйымдарының тәжірибесінде кейде ішкі және сыртқы сараптама түрлері қолданылады. Авторлық бағдарламаны білім беру ұйымының әдістемелік кеңесінің мәжілісінде немесе әдістемелік бірлестік отырысында талқылау ішкі сараптама нысаны болып табылады. Ал, сыртқы сараптама – осы пәндік салада жұмыс істейтін ғылыми немесе әдістемелік мекемелердің, мамандардың рецензиясы.

Рецензия мынадай бөліктерді қамтиды: бағдарламаның атауы, авторы, сараптаманың мақсаты мен түрі көрсетілетін кіріспе; білім беру процесінде пайдалану мақсатын ескере отырып, жалпы бағалау критерийлеріне сәйкес, оқу бағдарламасын жан-жақты талдауды қамтитын, бағдарлама материалының дұрыстығын, тұжырымдаманың, мақсаттар мен мазмұнның сәйкестігін, сондай-ақ егер бар болса, нақты қателерді атап көрсететін негізгі бөлім; бағдарлама материалдарын жетілдіру бойынша дәлелді тұжырымдар, ескертулер және ұсыныстарды қамтитын қорытынды бөлім. Рецензияға міндетті түрде рецензент қол қояды; оның лауазымы, жұмыс орны, ғылыми дәрежесі, атағы көрсетіледі; рецензенттің қолы негізгі жұмыс орны бойынша мөрмен куәландырылады; рецензияның жазылған күні көрсетіледі.

Авторлық бағдарламаны бекіту сатылап жүзеге асырылады: әуелі пән бірлестігінде, сонан соң әдістемелік семинарда, одан кейін білім беру

ұйымының педагогикалық кеңесінде талқыланып, бекітіледі. Егер бағдарламаны озық тәжірибе түрінде тарату көзделген жағдайда, ұсынылу деңгейіне қарай, аудандық, қалалық, облыстық білім басқармаларына қарасты әдістемелік кабинеттердің отырыстарында қаралады. Елімізде авторлық бағдарламаны тарату шыңы республикалық ауқым болып табылады және оны талқылау және бекіту мәртебесі тиісінше жоғарылайды және күрделенеді.

Авторлық бағдарламаны қорғау үлгісі: кіріспе 1-2 минут, бағдарламаны іске асырудың технологиялық алгоритмі 2-3 минут, бағдарламаны іске асыру тиімділігін бағалау 1-2 минут, бір сабақ немесе сабақ циклі мысалында жалпы механизмді негізді баяндау 3 минут.

Тақырып 11. Авторлық бағдарламаны зияткерлік меншік нысаны ретінде рәсімдеу: авторлық құқық туралы куәлік иелену. Авторлық құқықты не үшін тіркеу керек? Халықаралық және Қазақстан заңнамасының нормаларына сәйкес ғылыми еңбек, әдебиет, және өнер туындыларына берілетін авторлық құқық үшін туындыны тіркеу, туындыны рәсімдеу немесе басқа да бір қағаз жүзінде көрсету талап етілмейді. Бұл ереже туынды авторының кім екеніне қатысты ешқандай дау орын алмаған жағдайда ыңғайлы. Авторлықты растау үшін кейде автордың өзіне қатысты ашылмаған жайтты, туындының көшірмесін немесе түпнұсқасын, автор туралы мәлімет пен туынды шығарылған күнді көрсету жеткілікті. Алайда көп жағдайда автор сотқа немесе мемлекеттік органдарға өзінің авторлық құқығын қорғауға жүгінгенде мұндай растау жеткіліксіз, авторға қойылатын сұрақты бірі – авторлық құқығын тіркегенін растайтын құжат бар ма? Мұндай жағдайда автор алдын ала ойластырып, өзіне қажетті құжаттарды реттеуі керек. Туындыға авторлық құқық иелене отырып, өзінің туындысын үшінші бір тұлғалардың пайдалануына рұқсат бере алады, сондай-ақ тыйым да салады. Туындының тіркелгені туралы куәлікті ала отырып оны салық, кеден, құқық қорғау органдары мен сотқа көрсете алады. Авторлық құқықты ресми тіркеу туындыны ақшалай бағалауда да қажет. Студенттер мен ғылыми қызметкерлер үшін туындыны шығарғанына авторлықты ресми растау басылымға жариялау ретінде көрсетіледі, диплом немесе ғылыми атақ алу кезінде маңызды. Кей авторлар үшін бұл жаңа өнім тудыруға, кей жағдайда өзінің шығармашылық қабілетін қанағаттандыруға ынталандыру болып саналады. Авторлық құқықтың тіркелу саны университет үшін рейтинг көтеруге көмектеседі және ғылыми жұмыстар үшін грант алуға сеп болады. Туындыны тіркеудің артықшылығы ретінде материалдық емес актив түрінде баланста тұрған туындының құны мемлекеттік тіркеу кезінде артады, ал лайықты қорғалса, жыл өткен сайын өзінің материалдық нысан ретіндегі бағасын арттырады. Туындыны тіркеу бірнеше себепке байланысты орынды: тіркеудің өзі куәлікте көрсетілген нысан әдебиет және өнер туындысы болып саналатынын растайды, авторлық құқық нысаны ретінде қорғалады; туынды авторының жеке бас мәліметі көрсетіледі және сол автор сот басқаша шешім шығарғанға дейін автор болып саналады; шығарманың туындаған күні бекітіледі, ал туындының уәкілетті органға түскен күні ең болмағанда сол уақытта туындының бар болғанын растайды; аталған туындының мүлктік құқығы кімге берілгені көрсетіледі; авторлық куәлікті мемлекеттік орган береді және ресми мөрмен бекітіледі, сот оны растау және

авторлық құқық тиесілі екенін дәлелдеу ретінде қабылдайды; тіркеу туралы куәлік болғанда авторлық құқық бар және иеленетінін растайтын келісімшарт көрсетудің қажеті жоқ, себебі бұл мәліметтің барлығы куәлікте жазылған; тендерлерге қатысқан кезде авторлық құқықты куәлікпен растау талап етіледі; авторлық құқықтың бар болуы құнын білу үшін авторлық құқық бағалаушыларына жүгінгенде қажет; туындының өзі уәкілетті органда сақталады, дау кезінде, мысалы сот «даулы» шығарманы авторлық құқықты тіркеу туралы өтінішпен бірге берілген нұсқамен салыстыра алады. Сонымен қатар автор мен өтініш берушінің өтініші негізінде берілгені көрсетілетін куәлік, ақпарат авторлық құқық берілгенін растайды, Қазақстанда ғана емес, шет елде де баспа, мемлекеттік және жеке меншік мекемелер мойындайтыны сөзсіз. Қазақстанда ҚР Әділет министрлігі тіркеуші орган ретінде саналады.

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Білім беру процесі курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады. 72 сағаттық курстың оқу үрдісін ұйымдастыру 3 негізгі сабақ түрін қамтиды. Оқытудың негізгі формалары – дәрістер мен практикалық сабақтардан тұратын аудиториялық сабақтар және өзіндік жұмыстар болып табылады. Курстың теориялық бөлімі дәріс сабақтары арқылы жүзеге асырылады. Білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері, педагогтары және психологтарының кәсіби портфолиоларындағы авторлық бағдарламалардың маңызы; оны орындауға қойылатын талаптар: құқықтық-заңнамалық, ғылыми-әдістемелік, дидактикалық және авторлық бағдарламаны әзірлеу технологиясы т.б. жайттар дәріс сабақтарында талданады. Дәріс сабақтарының жалпы көлемі 14 сағат.

Тәжірибелік сабақтарда тыңдаушылар авторлық бағдарламаның шенді бетін әзірлеу, түсінікхатты жазу және жалпы тақырыптық мазмұнын құру; оқу-тақырыптық жоспарды (ОТЖ) жасау; курстың көлемін айқындау; тақырыптар тізбесін әзірлеу; оқыту формаларын анықтау; әдістемелік аспектісін дайындау; әдебиеттер тізімін құру, интернет-ресурстарға сілтемелерді дайындау және қосымша материалдарды тіркеу сынды қолданбалы аспектілерді орындауға жаттығады (2-кесте). Курстың тәжірибелік сабақтары – 34 сағат.

Курстың келесі құрамдас бөлігі – тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары (ТӨЖ). Ол авторлық бағдарламаны орындау талаптары, алгоритмі, критерийлері сынды тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады. Мәселен, тыңдаушы әзірлейтін авторлық бағдарламаның жаңашылдық сипаты, оның саралаушылық және инклюзивтік аспектілері, бағдарламаның аталымын нақтылау, өзектілігін негіздеу, оқу-тақырыптық жоспарын құру, әдістемелік мазмұнын даярлау, ақпараттық қамтамасыз етілуі т.с.с.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Курсты оқу-әдістемелік қамтамасыз ету үшін, оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың тиімді әдістері қолданылады. Ол үшін келесі қызмет түрлері іске асырылады: оқыту үрдісінің оқу-әдістемелік әдебиеттермен

және оқу ресурстарымен қамтамасыз етілуі; ТӨЖ тапсырмаларын күнделікті әзірлеуді бақылау және оларға кері байланыс жасап отыру; оқу үрдісіне заманауи әдістемелерді, оқыту технологияларын және оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдарды енгізуді үйлестіру; тыңдаушылардың өнімдерін презентациялауды ұйымдастыру.

Курсты оқыту барысында дискуссия, эвристикалық әңгіме, метажоспар, интерактивті сұхбат, рефлексия, супервизия, брейнштурминг, тренингтік тәсілдер, кейс-стади, Блум таксономиясы, іскерлік ойындар және т.б. әдістер қолданылады.

Бағдарламаның тиімділігін арттыру мақсатында, курстың инновациялық толтырылуы қамтамасыз етіледі. Олар: дәріс сабақтарының презентациялары, тәжірибелік сабақтардың тапсырмалары, ТӨЖ тақырыптары, қолданылатын технологиялардың тізімі: дамыта оқыту, сараланған оқыту, СТО, интерактивті әдістер: кейс-стади, Smart мақсат, SWOT-талдау, брейнштурминг, инновациялық тәжірибелер: трансформациялық жаттығулар, іскерлік ойындары, эзотерикалық техникалар т.б.

Курстың мақсаттары мен міндеттерін дұрыс анықтау тыңдаушылардың оң нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал ететіні анық. Олай болса, курсты аяқтағанда тыңдаушы қол жеткізуі тиіс түпкі мақсаттарына жету үшін, өлшеу және бағалау әдістері қарастырылады; әр тыңдаушының жеке білім траекториясы анықталады; іс-шаралар жоспары жасалады; олар үшін алға қойған мақсатқа жетуге көмектесетін нақты тапсырмалар құрастырылады; оқу тапсырмаларын орындауды бағалаудың тиімді әдістері іріктеледі; курс шеңберіндегі тапсырмалардың заманауи-кәсіби әлеуеті қамтамасыз етіледі. Осы шарттарды жүзеге асыру барысында мақсатты аудиторияның ерекшеліктерін ескеру қажет: тыңдаушылардың қызығушылықтары мен ынта-ықыластарын ұстап тұратындай белсенді оқуды ұйымдастыру; тыңдаушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, әртүрлі оқу стильдері мен дайындық деңгейлеріне бағдарланған жеке қатынас; тыңдаушы өз ой-әсерлерімен бөлісе алатындай және үрдісті жақсарту мақсатында ұсыныстар жасай алатындай, кері байланыс тетіктерін қамтамасыз ету.

Курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	МАЗМҰНЫ	Академиялық сағат саны, сабақ түрі		
		Дәріс	Тәжір.	ТӨЖ
1	Білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері, педагогтары және психологтарының кәсіби портфолиоларындағы авторлық бағдарламалардың маңызы.	2	2	2
2	Авторлық бағдарламаны орындауға қойылатын талаптар: құқықтық-заңнамалық, ғылыми-әдістемелік, дидактикалық.	2	2	2

3	Авторлық бағдарламаны әзірлеу технологиясы.	2	2	2
4	Авторлық бағдарламаның құрылымы: шенді бет, түсінікхат, ОТЖ, курстың тақырыптық-әдістемелік мазмұны, әдебиеттер тізімі, қосымша материалдар.	2	2	2
5	Авторлық курсты айқындау – ұстаздың кәсіби әлеуетінің жемісі. Авторлық бағдарлама аталымын анықтау	2	4	2
6	Авторлық бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарын (ОТЖ) құру: курстың көлемін айқындау; тақырыптар тізбесін әзірлеу; оқыту формаларын анықтау.	-	4	2
7	Курстың әдістемелік аспектісін дайындау.	-	4	4
8	Қолданылатын әдебиеттер тізімін құру, интернет-ресурстарға сілтемелерді дайындау және қосымша материалдарды тіркеу.	-	4	2
9	Авторлық бағдарламаның шенді бетін әзірлеу, түсінікхатты жазу және жалпы (тақырыптық) мазмұнын құру.	-	4	2
10	Авторлық бағдарламаны рецензиялау, бекіту және қорғау процедуралары	2	4	2
11	Авторлық бағдарламаны зияткерлік меншік нысаны ретінде рәсімдеу: авторлық құқық туралы куәлік иелену	2	2	2
Барлығы		14	34	24

8. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Тыңдаушылардың оқу нәтижелерін бағалау «Авторлық бағдарлама әзірлеу әдістемесі: психология және педагогика бағыты бойынша» біліктілікті арттыру курсының ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бағалау әдістерінің тиімділігі оқыту нәтижелілігін көрсетеді. Сондықтан, курстың әдістемелік аспектісін дайындау барысында тыңдаушылардан дербес бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарындағы тақырыптарды толық қамту талап етіледі. ОТЖ тақырыптарына аннотация жазу үшін, 250-400 сөз аралығы міндеттеліп, олардың 4-кестеде берілген критерийлерге сәйкестігі тапсырылады. 5-кестеде дескриптордың дәстүрлі бағалау жүйесіне баламасы берілген.

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау online режимінде, қашықтықтан жүзеге асырылады. Ол үшін WhatsApp желісі және e-mail қызметі қолданылады. Курстан кейінгі қолдаудың міндеттері:

- дербес авторлық бағдарламасы «қанағаттанарлық» немесе «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланған тыңдаушыға әдістемелік көмек көрсету; ол үшін курстың озат тыңдаушылары және өнімі төмен бағаланған тыңдаушымен бірге қызмет ететін әріптестері (курстың бұрынғы немесе қазіргі озат тыңдаушылары) 1 ай мерзім ішінде менторлық сүйемелдеуді жүзеге асырады;
- авторлық бағдарлама мемлекеттік реестрге тіркеліп, бірақ оң шешімге ие болмаған тыңдаушыларға әдістемелік көмек көрсету; бұл функцияны 2 апта аралығында курс жетекшісі атқарады;
- авторлық бағдарламасы бірегей өнім ретінде танылып, тиісті процедуралардың барлығынан сәтті өткен тыңдаушыларды кәсіби қолдау; авторлық еңбегінің нәтижесін өндіріске ендіріп, сынақтан өткізу, тәжірибе алмасу немесе коммерциализациялау үрдістерінде тыңдаушыларға 3 ай көлемінде кәсіби-ынтымақтастық қолдау жасалынады.

Курстан кейінгі қолдау форматы, нысандары мен әдістері жағдайға қарай икемделуі мүмкін.

10. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. – А., 2007. (2023.16.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
2. ҚР ОАМ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» – А., 2022. (30.12.22, №533 бұйрық).
3. ҚР «Педагог» кәсіптік стандарты. – А., 2022.
4. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы Қазақстан Республикасының Заңы. – А., 1996. (2005ж. толықтырулар мен түзетулермен)
5. Положение об авторской образовательной программе. – Уфа, 2018.
6. Рекомендации по составлению и оформлению авторской программы. – Магадан, 2018.
7. Рекомендации по составлению Авторских программ // На интернет-странице «Педфорум Казахстана», 2020. <https://pedforum.kz/news/1463-rekomendacii-po-sostavleniju-avtorskih-programm.html>

Интернет ресурстары

1. Инсебаева А.Т. Авторлық бағдарлама дегеніміз не? <https://infourok.ru/avtorli-badarlama-degenimiz-ne-1431403.html>

2. Авторлық оқу бағдарламаларын құрастыруға әдістемелік ұсыныстар (әдістемелік нұсқаулық) құрастырған: Насымбаева А.
<https://www.tarbie.kz/23294>
3. Педагогтердің авторлық бағдарламасы туралы
<https://www.youtube.com/watch?v=n4hpjwXP2OU>
4. Авторлық бағдарлама әзірлеу. Аттестация
<https://www.youtube.com/watch?v=gvxh2uYLc88>
5. Авторлық бағдарлама әзірлеу. Бағалау түрлері.
<https://www.youtube.com/watch?v=ZjkyxfMuDrs>
6. Авторлық бағдарламаны қалай тез, оңай жазуға болады?
<https://www.youtube.com/watch?v=LzceKeovEyl>
7. Авторлық бағдарлама. 1 сабақ. <https://www.youtube.com/watch?v=pPO-HdDD1-4>
8. Авторлық бағдарлама курсы 1 сабақ
<https://www.youtube.com/watch?v=59869R5C6kE>
9. Авторлық бағдарлама курсы 2-сабақ
<https://www.youtube.com/watch?v=CfRVKZ7CccA>
10. Авторлық бағдарлама 3-сабақ
<https://www.youtube.com/watch?v=3B4w51TWF4g>
11. Авторлық бағдарлама 4-сабақ
https://www.youtube.com/watch?v=VWn_iKL_j9Y&t=115s
12. ҚМЖ мен оқушы дәптері
https://www.youtube.com/watch?v=sMYdjkiJL0&list=PLdgz6zfTNfJe_X7W46OHjI3DZIYZvftkz&index=5
13. АБ қосымша құжаттары
https://www.youtube.com/watch?v=NjJkHdjOgEA&list=PLdgz6zfTNfJe_X7W46OHjI3DZIYZvftkz&index=6

ҚОСЫМША-1

Бағдарламаның бірегей туынды екенін растайтын куәлік

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚПЕН ҚОРҒАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМГЕ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

КУӘЛІК

2023 жылғы «27» шілде № 38133

Автордың (лардың) жөні, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе):
ОСПАНБАЕВА МАХАББАТ ПЕРНЕБАЕВНА

Авторлық құқық объектісі: **әдеби туынды**

Объектінің атауы: **АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ӘЗІРТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ (ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ
ПЕДАГОГИКА БАҒЫТЫ БОЙЫНША)**

Объектіні жасаған күні: **10.07.2023**



Құжат тексерілуінің: <http://www.kazpatent.kz/ru/saitinyk>
"Авторлық құқық" Бөлімінде тексеруге болады: <https://copyright.kazpatent.kz>

Подлинность документа возможно проверить на сайте [kazpatent.kz](http://www.kazpatent.kz)
в разделе «Авторское право» <https://copyright.kazpatent.kz>

ЭЦҚ қол қойылды

А. Артыкова